

Тараз қаласының құрамдас бөліктеріне атаулар беру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 10 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 21-2 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Республикалық ономастика комиссиясының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облысының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Тараз қаласының келесі құрамдас бөліктеріне:

қаланың солтүстігінде орналасқан № 1 ауданға Әулиеата ауданы;

қаланың оңтүстігінде орналасқан № 2 ауданға Жібек жолы ауданы атаулары берілсін.

2. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Е. Қарашөкеев

А. Нұралиев